Қартаюдың табиғатын анықтаумен геронтология ғылымы айналысады. Бұл ғылым физиологиялық өзгерістермен қатар, қарт адамдардың қоғамдағы әлеуметтік рөлін де терең зерттейді. Геронтологияның мақсаты – кәрілікке байланысты туындайтын кейбір кемшіліктерді жеңу. Қартаю үрдісі ағзада болып жатқан өзгерістерге байланысты болады, ол адамның биологиялық және әлеуметтік функцияларының әлсіреуі, аурулардың пайда болуы нәтижесінде болады. Кезкелген ересек адамға орталық жүйке жүйесі тарапынан түрлі өзгерістердің болуы қалыпты, бұл еңбекке қабілеттілікті төмендетеді, ренжігіштік пен ашушандыққа, түсіну төмендігіне, кейбір қасиеттерді жоғалтуға, күйзеліске әкеп соғады. Егде жастағы адам басқаларға қарағанда қолдауға аса мұқтаж болады. Дәл осыларға байланысты қарт адамдар ерекше әлеуметтік топ ретінде қоғам мен мемлекеттің жоғары назарына мұқтаж болады.

Халықаралық Бейбітшілік Ассамблеясының Геронтология бағдарламасы жеті басым бағытты анықтайды. Олар денсаулық пен тамақтануды жақсарту; қарттардың тұтынушылар құқығын

қорғау; тұрғын үй және қоршаған ортаны қорғау; отбасындағы тұрақтылықты сақтау; әлеуметтік қамсыздандыруды белгілеу; жеткілікті табыс пен жұмыс орны; Білім сапасын арттыру мәселелері бар. Дамушы елдер үшін бұл әлеуметтік басымдықтарды іске асыруға қаражаттың жетіспеушілігі үлкен кедергі болып табылады.

Ғылыми әдебиеттерде «егде жастағы адам» сөзінің нақты бір мағынасын айқындайтын түсінігі жоқ. Ғалымдар мен мамандар арасындағы белсенді пікірталастар әлі де жалғасуда. Алайда ұзақ өмір сүріп, соның нәтижесінде нақты бір психофизикалық шектеулерге тап болған адамдар санаты туралы айтылатыны түсінікті. Егде жастағы адам өміріне кері әсерін көрсететін түрлі ауруларға шалдығуы мүмкін, кейбір жағдайларда адам өздігінен қабілетсіз болады немесе оған сырттан көмек қажет болады.

Бүгінгі таңда әлемде егде жастағы тұрғындардың бір-бірінен айырмашылығы жоқ. Олар: «егде адамдар», «қарт адамдар» және «ұзақ өмір сүрушілер» сөздерінің айырмашылығына, осы жас кезеңнің бірыңғай анықтамасына әлі тоқталмады.

Ресейлік зерттеуші С.И. Ожеговтың түсіндірме сөздігінде «егде жастағы адам» түсінігі «қартая бастаған, толыққанды өз қажеттілігін қанағаттандыра алмайтын әлеуметтік топ» деген мағынада айтылады (Словарь Ожегова, 2018:54).

Қарттар қатарына әртүрлі адамдар санаты жатады: сау адамдардан бастап, түрлі ауруларға шалдыққан, әртүрлі әлеуметтік санаттардан шыққан, әртүрлі білімі, мамандықтары мен қызығушылықтары бар адамдар. Олар көбінесе жұмыс істемейді, жасына сәйкес зейнетақы алатын адамдар. Біздің елде егде жастағы адамдарға зейнетке шыққан адамдарды жатқызады. Халықтың көпшілігі оларды «ересек азаматтар» немесе «зейнетке кеткендер» деп қарайды. Қазақстан Республикасының нормативті құқықтық актілерінде және бұқаралық ақпарат құралдарында «егде жастағы адам», «кәрі адам» немесе «қарттар» терминдерін қолданып жүр. «Кәрілік» медициналық терминге жатады. Осылайша, «егде жас» пен «кәрілік» мағынасын түсіну әлеуметтік тұрғыда негізгі сұраққа айналды.

Сол себепті біз Дүниежүзілік денсаулық ұйымының бекіткен классификациясын негізге ала отырып, төмендегі анықтамаларды ұсынамыз:

«Егде жастағы адам» – денсаулығы өзгеруіне байланысты, әлеуметтік оқшаулану және үнемі көмек, қамқорлық көрсетуді қажет етумен сипатталатын жасы 60 жастан асқан адамдар.

Жасы 60 жастан асқан адамдарға арнайы әлеуметтік-құқықтық мәртебе берудің себебі әлем халқының күннен-күнге қартаю мәселесіне байланысты зейнеткерлердің жалпы халық санының 25-30%-ын құрауы мүмкін деген БҰҰ мен ғылыми зерттеу орталықтарының ұзақ мерзімді болжамына сәйкес, көптеген мемлекеттерде зейнеткерлікке шығу жасын ұлғайтуға мәжбүр болып отыр. Сол себепті шетелдік ғалымдар болашақта зейнеткерлікке шығу жасы орташа 75 жасқа жетуі мүмкін деп болжауда. Қазіргі уақыттың өзінде көптеген экономикасы дамыған мемлекеттер зейнеткерлікке шығару жасын ұлғайтып жатқаны белгілі. Сол үшін егде жастағы адамдарды зейнеткерлік жасқа қарап емес, адамның денсаулық жағдайына қарап анықталуы қажет деп ойлаймыз.

Қазіргі кезде заманауи жас санатының шегі 1963 жылы Киевте Дүние жүзілік денсаулық ұйымы мен советтік геронтологтарының семинарында қабылданған ережелерге негізделген. Хрообиологиялық жас кезеңі ретінде, БҰҰ Дүниежүзілік денсаулық ұйымының жіктелуіне сәйкес, ересек адамдардың генерациясы делінген негізгі үш топты ажыратады:

- егде адамдар (60-74 жас);
- егде жастағы адамдар (75-89 жас);
- ұзақ өмір сүрушілер (90 жастан жоғары)

Қарттық кезең – адам өмірінің соңғы даму кезеңі. Қарттық жас – адам өміріндегі заңды этап. Бұл кезеңдегілердің ерекшеліктері, адамның циклдік өмір жүйесіндегі спецификалық ролі, қарттық кезең өзіндік дамудың жалпы перспективасын белгілеп көрсетеді. Қарттық кезеңнің алдында, егер осы жастағылардың мінез-құлық позициясы жеткіліксіз болса, онда олар өз бетінше шешім қабылдай алмайды. Осыған байланысты Л.С. Выготский қарттық кезеңде метаморфоз заңының болуы керек екенін көрсетті, кейін қарттық кезеңде олардың тек қана жойылған қабілетін сипаттау ғана емес, ең алдымен сапасы тамаша психикасын сипаттау керек, егер де оның дамуында сапасы шынжыр болса ғана деп көрсетті. Д.И. Фельдштейн былай деп көрсеткен, дәл қазір қарттық кезеңде бұрынғылары шығып, аяқтары қақсайды. Мүмкіншілік болса, адам өмірі ұзарады, соның ішінде индивидтің ішкі өзіндік дамуында санақ болуы керек. Мұнан да астамы, жасы тоқтаған адамда тек қана тәжірибелік алып беру ғана емес, сонымен қоса болашаққа деген жарыстар болады. Қарттар өз өмірінің қарттық кезінде күтім болса, өзіндік ойынан аулақ болса (тастап кетсе), істері аяқсыз қалса (бітірусіз) онда олардың даму

қоры шектелген. Бұл қор, адам дамуының бүкіл өмірлік дистанциясы созылғанда қалыптасады. Даму кезеңі, бұл кәрілікпен байланысқан және болашақты білдіреді, яғни кәріліктен белсенді түрде адамгершілік қарым-қатынас тенденциясы арқылы шығарады, ол құрмет пен таңдануға байланысты.

Модильяни мен Блумберг адам өміріндегі (немесе өмірлік цикліндегі) жеке тұтыну заңдылықтарын түсіндіруге тырысты. Олардың бақылауынша, жеке тұлғалар жұмыс істеген жылдарында таза малтабар болады, ал зейнетке шыққан соң малшашарға айналады. Ирвинг Фишер ұсынған жеке тұлғаның жинақтау туралы шешіміне негізделген модель бойынша, олар жинақ қорды экономикалық таңдаудың жалпы проблемасының ерекше жағдайы деп талдайды. Бұл тұрғыдан алғанда, олар әр кезеңдегі тұтыну өмірлік дәулеттің болжалды көрсеткішінің функциясы ретінде қарастырылатын тұтыну моделін әзірледі (Oxford dictionary, 2019:140).

Бұл кезеңнің қызықтысы, кәрілік кезеңде оларда толық мінез-құлық позициясы жоқ. Геронтолог ғалымдар кәрілік – бұл біріншіден, биологиялық феномен, яғни бұл психологиялық өзгеріспен бірге жүреді деп санайды. Көптеген зерттеушілер оның барлық жоғалу жиынтығы – экономикалық-әлеуметтік, индивидуалдық болады, яғни бұл даму кезеңіндегі автономия болуы мүмкін. Кәрілік жастағы өзгеріс – биологиялық процесс болады, ол тікелей жас мөлшерімен байланысты болып келеді, ал егер әлеуметтік кезең болатын болса – адам зейнетке шығады, оның әлеуметтік статусы өзгереді, жүріс-тұрысы өзгереді, соңында психологиялық кезеңінде өзгеріске душар болады. Бұл кәріліктің механикалық өзіндік регуляциясын анықтауға негіз болады. Сондай-ақ кәрілердің проблемасы – биологиялық системаның функционалдық сәйкестігі, яғни өзіне лайықты психологиялық және өзін қоршаған әлеуметтік кеңістігіне бейімделуінсіз бұл орындалмайды. Қартаю кезеңінде – бұл жаңа әлеуметтік рөлге көшу, яғни жаңа системалық группамен және өзіндік қарым-қатынас орнайды.

Кәрі адамдарға тән проблемалар мен қажеттіліктерді зерттеу 1960 жылдары саяси зерттеулерге байланысты жасалды, ол әсіресе қариялардың денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру қызметтерін мөлшерден тыс пайдалануынан туындады. Геронтология өнеркәсібі дамыған елдердің көбінде (әсіресе Еуропада) маңызды зерттеу саласына айналып келеді, бұл елдерде бала туу көрсеткіші азайды, өмір ұзақтығы артты, осылайша тұрғындардың

жалпы санына шаққанда егде жастағы адамдар саны көбейді. Мұндай демографиялық өзгеріс болашақты қамтамасыз ету, басымдықты анықтау және әлеуметтік қызметтерді қаржыландыруда маңызды рөл атқарады (Oxford dictionary, 2019:155).

Қартаюдың басты белгісі – қартаю процесі. Қартаю процесі организмдегі жасқа байланысты нақты өзгерістермен сипатталатын генетикалық бағытталған процесс. Егде жастағы адамдардың әлеуметтік ортадағы рөлдерінің өзгеруіне байланысты, олардың қарым-қатынас саласы айтарлықтай өзгерістерге ұшырайды. Қазіргі кезде әлеуметтануда қартаю организмнің адаптация процестерін сақтай отырып, өзін-өзі өзгертуінің түрі ретінде қарастырылады. Бұл кезеңді қарастырған ғалымдар: Э. Эриксон, Д.Б. Бромли, А.А. Богомолец, Ф. Гизе, И.С. Кон, К. Рошак, П.Балтес, Р. Пек. Қартаю тәсілі бірнеше зерттеулерге негізделген:

Н.С. Конн бойынша қартаюдың бірінші түрі – бұл қоғамдық өмірге араласу, жастарды тәрбиелеу, белсенді шығармашылық өмір және өзгелерден кемшілік сезімнің болмауы;

екінші түрі: Өзіне бағытталған энергия, өзін-өзі тәрбиелеу, демалу: нақты әлеуметтік-психологиялық бейімделу;

үшінші түрі: (көбінесе әйелдер) қызмет саласы, зерігуге уақыттың болмауы; жоғарыдағы түрлермен салыстырғанда өмірге қанағаттанушылықтың төмендігі;

төртінші түрі: әл-ауқатқа көңіл бөлу, байланысты іс-әрекеттің әртүрлі формалары;

бесінші түрі: өмірге қанағаттанбаушылық, ішкі көзқарас, шексіз талап, «агрессивті қартқа» айналу жағдайы;

алтыншы түрі: өзіне және өмірге түңілу, көңілсіздік және жалған және шынайы жіберіп алынған мүмкіндіктер үшін өзін-өзі айыптау.

Адамның жалғыздығын онтологиялық қараудың алғашқы әрекеттері ХХ ғасырдың экзистенциализмінде пайда болады. Жалғыздықты онтологиялық түсінудің бұл деңгейі жалғыздық феноменін зерттеу үшін әдіснамалық іргетасты құрған Э. Гуссерль феноменологиясының пайда болуына байланысты мүмкін болды. Одан әрі жалғыздық тақырыбы Н.А. Бердяев, М. Бубер, А. Камю, Ж.-П. Сартр және т. б. философтардың еңбектерінде талқылаудың тақырыбына айналды. Г.Д. Торо бірінші болып жалғыздықты қалалық өмірдің «толық үміт» өнімі және жеке дара, қажетті шығармашылық тұлға ретінде айқындады.

Жалғыздық себептерін анықтауға Э. Фромм елеулі үлес қосты. Ол әлеуметтік және рухани

қажеттіліктердің қанағаттанбауы (құрмет, мойындау және жоғары бағалау, өзін-өзі көрсету және өзін-өзі көрсету қажеттілігі) жалғыздықтың себебі болып табылады деген идеяны негіздеді. В. Франкл құндылықтар мен өмірдің мәнін жоғалтудағы жалғыздықтың себебін көреді.

Қарттық шақтағы әлеуметтік тұрғыдан да, хронологиялық тұрғыдан да адамның зейнеткерлікке шығуымен сәйкес келеді. Адам белсенді еңбек іс-әрекетін тоқтатады, «істерден алыстайды». Зейнеткерлікке кету қарттық шақтағы кезеңіндегі даму жағдайының орталық мезетін құрайды. Отставка (немесе зейнеткерлікке шығу) адамның оған референтті топтан, ұзақ жылдар бойы өзін бағыштаған істен алыстауын білдіреді. Адам қоғамдағы маңызды әлеуметтік рөлінен және маңызды орнынан айырылады.

## Әдістер


Қарттардың еліміздегі қал ахуалына мониторинг жасау мақсатында жүзеге асып

жатқан арнайы жол картасы бар. Бұл карта отбасы саясатының жұмысын белсендіруге бағытталған. Осы орайда 2019 жылы «Қазақстандағы қарт адамдардың жағдайы туралы» Алматы облысы тұрғындарынан сауалнама жүргізген болатын. Зерттеудің мақсаты – Алматы облысы тұрғындарының қазіргі қарт адамдардың жағдайы туралы көзқарасына талдау жасау.

Міндеттері:

- а) бүгінгі ұрпақтың қарттарға деген қатынасын анықтау;
- б) қарттардың құқықтарының сақталынуы жөніндегі тұрғындардың пікірлерін білу;
- в) қарттардың бүгінгі кездегі негізгі проблемаларын анықтау.


Қолданылған зерттеу әдістері, телефондық және онлайн-сауалнама. Жалпы саны – 200 болатын 18 жастан жоғары респонденттер қамтылған. Таңдау жиынтығы Алматы облысы территориясында белсендірілген, толық телефон номерлерінің базасы негізінде жасалған.




**1-сурет** – Сіздің ойыңызша, елімізде адамдардың көпшілігі қарт кісілерге құрметпен қарай ма, әлде сыйламай ма?

1-суреттің нәтижесі бойынша, «Біздің қоғамымызда қарт кісілерге құрметпен қарай ма, әлде жоқ па? деген сұраққа жауап берген респонденттердің тең жартысы (53%) сенімділіктің жоқтығын білдіргендей «құрметпен қарайтын шығар» деген жауапты таңдады. Респонденттердің үштен

бір бөлігі (29%) «әрине құрметпен қарайды» деген жауапты таңдады, бұл дегеніміз, әлі де жасы үлкен кісілерді жастар құрметтейді деген сөз. Дегенменде, әр бір оныншы респондент (14%) қарт адамдарды сыйламайды деп ойлайды. Тек 4%-ы жауап беруге қиналды.



**2-сурет** – Сіздің ойыңызша, қазіргі кезде біздің қоғамымызда қарт кісілерге жеткілікті көңіл бөлінуде ме, әлде жеткіліксіз бе?




**3-сурет** – Қалай ойлайсыз, Қазақстанда қарт адамдардың құқықтары сақталады ма?

Сауалнама нәтижесіне сәйкес, қазіргі кезде қоғамымызда қарт кісілерге жеткілікті көңіл бөлінетіндігіне 44% респонденттер «жеткілікті шығар» деп күмәнмен жауап берсе, 31%-ы «жеткіліксіз сияқты» деген жауапты таңдады. Ал тұрғындардың 15%-ы нық сеніммен «әрине жеткілікті» деп жауап берді, бұл біздің үлкен кісілерге ізеттілік білдіру тәрбиемізге, салт-дәстүрімізге сіңген қасиеттердің бірі екендігі айқындалып тұр. «Әрине жеткіліксіз» және «жа-

уап беру қиын» деп жауап бергендердің үлесі 10%-ды құрады.

Сонымен бірге, зерттеу көрсеткендей, респонденттердің жартысынан көбі (58%) қарттардың құқықтары сақталып жатыр деп санайды. Алайда, респонденттердің 30%-ы қарттарымыздың құқықтары сақталмай жатыр деп ойлайды. Негізі, қазіргі таңда жас бала мен қарт адамдар қоғамда әлсіз буын екені бәрімізге мәлім. 12%-ы бұл сұраққа жауап беруге қиналды.



4-сурет – Сіздің ойыңызша, бүгінде қарт кісілер қандай проблемаларға жиі кезігеді?

Қазақ халқында ұрпағының аманаты саналатын қарт адамдар отбасынан алшақ өмір сүре алмайтыны анық. Отбасы құрамында өмір сүрген соң, ол құрылымы үлкен шаңырақ болуы да мүмкін. Ондай отбасыларда қарттарға қолайлы жағдайлар барынша сақталады. Сондықтан бұл сауал көпшіліктің пікірінде қарт азаматтардың құқықтары сақталады дегенмен саяды.

Респонденттердің пікірінше, қарт кісілердің қазіргі таңда кездестіретін негізгі 4 мәселесін атауға болады. Олар: денсаулықтың нашарлап, ауру санының өршуі (24%), кедейшілік, төмен жалақы (18%), жалғыздық (16%) және қоғамға қажетсізбін деп сезіну (15%). Ал, өмірге деген қызығушылықтың жоқтығы, белсенділіктің жоқтығы және келешекке деген үрей сияқты мәселелер, көбінесе қарт адамдарды алаңдатпайды.

Нәтижесінде, мемлекетіміздің саясаты халықтың әлеуметтік жағынан қорғалатын: көпбалалы отбасылар, қарт адамдар, зейнеткерлер, әйелдер мен жастарға жағдай жасауға бағытталғаны белгілі. Соның ішінде, әрбір

азаматтың қарттық шағын лайықты етіп қамтамасыз ету қарт адамдар өмірінің сапасы мен әлеуметтік стандарттарын үнемі жақсартуға бағытталған мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі болып табылады.

### Қорытынды

Халықтың қартаюуы алуан түрлі салалар – экономикалық өсуге, қор және ақша жинау үдерісіне, салық салуды тұтыну мен ұрпақтар арасындағы трансферттерге әсерін тигізеді. Әлеуметтік салада бұл адамдардың денсаулық жағдайына, отбасы құрамына, өмір салтына, тұрғын үй жағдайлары мен халықтың көші-қонына ықпал жасайды.

Халықтың қартаюуы – демографиялық феномен ғана емес, ол саяси саладағы үдерістердің детерминантасы да болуы мүмкін және бұл ең алдымен электораттың қартаюуы мен саяси өмірде түрлі жас топтарының мүдделерін көрсету мәселесі. Халықтың қартаюуы – егде жастағы адамдардың экономикалық және



әлеуметтік белсенді халыққа тәуелділігінің өсуімен сүйемелденеді.

Мемлекет егде жастағы адамдарға әлеуметтік қауіп-қатерлерді еңсеруге көмектеседі: мақсатты сектораралық бағдарламаны әзірлеу; егде жастағы адамдарға арналған орталықтарды ашу, олардың бейімделуіне жәрдемдесу; геронтологиялық орталықтардың ашылуы, зейнетақының мөлшерін арттыру; критерийлерге қол жеткізу арқылы арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету.

Ұзақ өмір сүру адамға өзінің өміріне есеп беруге, жасалынған кейбір қателіктерін түзетуге, ақиқатты түсінуге және өмірге даналықпен қарауға мүмкіндік береді. Бұл, егде жастағы адамдардың адамзатқа жасаған ең үлкен аманаты. Әсіресе, біздің теңдесіз жаңару заманымызда, өмір көрген қарттарымыздың өзінің даналығымен бөлісу, барлығымызға өз өміріміздің тарихын дұрыс құруға көмегін тигізеді деп ойлаймыз.

Алайда менің пікірімше еліміздің экономикасы дамыған сайын адамның өмір сүруі жақсарады, ал ол қарт адамдардың өмірінің

ұзаруына алып келеді деген сенімдемін. Егер елімізде өмір сүру ұзақтығы жоғарыласа, онда демографиямыз да жақсарады. Ал демографияны жақсарту қазіргі кезде еліміздің ең басты мақсаттарының бірі болуда.

Қарт кісілерге әлеуметтік қамқорлық көрсету – әлеуметтік жұмыстың негізгі басты бағыттарының бірі. Қамқорлық қарт азаматтардың жекелік, меншіктік құқықтары мен қызығушылықтарын құқықтық түрде қорғау негізінде түсіндіріледі. Мемлекет қарттардың мінез-құлқын, өзіне және қоғамға көзқарасын қалыптастыруға әр кез дайын болу қажет. Қарттарда сүйіспеншілік, төзімділік, қарапайымдылық, адалдық, өзіне-өзі сену, қайырымдылық, әрине денсаулықты нығайту әлеуметтік қызметкер үшін басты мәселе. Қарттарға қамқорлық көрсету – біздің ортақ парызымыз! Әлеуметтік жұмыскерлер олармен тиімді жұмыстар жүргізіп, оларға өмірлерінің соңғы кезеңдерінде аянбай көмек көрсету керек. Күнделікті қамқорлық пен қолдауды қажет ететін борыш бүгінде мемлекеттік-әлеуметтік саясатқа айналып отыр.

#### Әдебиеттер

- Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана: Ақорда, 2012. – Б.10-12.
- Назарбаев Н.Ә. «100 нақты қадам». – Астана, 2015. – Б. 15-18.
- Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка / Российская академия наук. Институт русского языка имени В.В. Виноградова. – 4-е изд. – М.: Азбуковник, 1997. – С. 310-312.
- Альперович В.Д. Геронтология. Старость. Социокультурный портрет: учебное пособие. – М., 1998. – С. 220-223.
- Анисимов В.Н., Соловьев М.В. Эволюция концепций в геронтологии. – СПб.: Эскулап, 1999. – С. 8-23.
- Бугрова О. Социальные программы для пенсионеров. Социальная защита // Соционимия. – М., 2003. – №6. – С. 155-157.
- Саралиева З.М., Балабанов С.С. Пожилой человек в центральной России. – М., 1999. – № 12. – С. 99-112.
- Craig Calhoun. (2019) Dictionary of the Social Sciences. Oxford University Press. – P. 412.
- Kate de Medeiros. (2016) The short guide to aging and gerontology. Great Britain. – P. 21-24.
- Ian Stuart-Hamilton. (2012) An introduction to Gerontology. Cambridge University Press. – P.44-46.
- ҚР Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңы. – 2013. – Б. 30-33.
- Kaptiza S.P. Global population blow-up and after. The Demographic Revolution and information society. A report to the club of Rome. – М., 2004. – P.45-48.
- The seventeenth world congress of the International Association of Gerontology. Vancouver. Abstracts. Gerontology. – Canada, 2001. – P. 67.
- Universal Declaration of Human Rights (1948) Proclaimed by the General Assembly. Resolution, 217 A (III), A/RES/3/217 A, 10 December, 1948. – P. 24.
- Marshall Plan (1948) Organization for Economic Co-operation and Development (OECD). – P. 54.

#### References

- Elbasy N.Á. Nazarbaev. «Qazaqstan – 2050» Strategiýasy qalyptasqan memlekttiń jańa saıası baǵyty» atty Qazaqstan halqyna Joldaýy [Message of the President of the Republic of Kazakhstan to the people of Kazakhstan «Strategy «Kazakhstan-2050»: a new political course of the established state»]. Astana: Akorda, 2012, pp.10-12.
- Nazarbaev N.Á. (2015) «100 naqtyqadam» [«100 concrete steps»]. Astana, pp. 15-18.
- Ojegov S. I., Shvedova N. Iy. (1997) Tolkovyı slovar rýsskogo ıazyka [Explanatory dictionary of the Russian language]. Russian Academy of Sciences. Institute of the Russian language named after V.V. Vinogradov, 4th ed., M: Azbukovnik, pp. 310-312.

- Alperovich V.D. (1998) Gerontologiya. Starosti. Sotsiokýltýrnyı portret [Gerontology. Old age. Socio-cultural portrait]. Tutorial, Moscow, pp. 220-223.
- Anisimov V.H., Solovev M.V. (1999) Evolyútsiya kontseptsii v gerontologii [Evolution of concepts in gerontology]. SPb: Es-culap, pp. 8-23.
- Býgrova O. (2003) Sotsialnye programmy dlia pensionerov. Sotsial'naya zashchita. Sotsionomiya [Social programs for retirees. Social protection. Socionomy]. Moscow, No 6, pp. 155-157.
- Saralieva Z.M., Balabanov S.S. (1999) Pojiloi chelovek v tsentralnoi Rossii [Elderly person in Central Russia]. M., No 12, pp. 99-112.
- Craig Calhoun (2019) Dictionary of the Social Sciences. Oxford University Press, p. 412.
- Kate de Medeiros (2016) The short guide to aging and gerontology. Great Britain, pp. 21-24.
- Ian Stuart-Hamilton (2012) An introduction to Gerontology. Cambridge University Press, pp.44-46.
- QR Qazaqstan Respýblıkasynda zemetaqymen qamsyzdandyryú týraly zany [Law of the Republic of Kazakhstan on pension provision in the Republic of Kazakhstan]. 2013, pp. 30-33.
- Kaptiza S.P. Global population blow-up and after. The Demographic Revolution and information society. A report to the club of Rome. M., 2004, pp. 45-48.
- The seventeenth world congress of the International Association of Gerontology. Vancouver. Abstracts. Gerontology, Canada, 2001, p. 67.
- Universal Declaration of Human Rights (1948) Proclaimed by the General Assembly, resolution, 217 A (III), A/RES/3/217 A, 10 December, 1948, p. 24.
- Marshall Plan (1948) Organization for Economic Co-operation and Development (OECD), p. 54.

3-бөлім  
**ШЕТЕЛДІК ӘРІПТЕСТЕРДІҢ  
МАҚАЛАЛАРЫ**

---

Section 3  
**ARTICLES OF FOREIGN  
COLLEAGUES**

---

Раздел 3  
**СТАТЬИ  
ЗАРУБЕЖНЫХ КОЛЛЕГ**

**Л. Рогалева<sup>1\*</sup>, И. Дмитриева<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Уральский Федеральный Университет им. Б.Н. Ельцина, Россия, г. Екатеринбург

<sup>2</sup>Российский государственный университет физической культуры,  
спорта, молодежи и туризма, Россия, г. Москва

\*e-mail: liudmila.rogaleva@yandex.ru

## **СОЦИАЛЬНО-ЛИЧНОСТНЫЕ МОТИВЫ СПОРТСМЕНОВ-ЛЕГКОАТЛЕТОВ 16-18 ЛЕТ**

Цель исследования заключалась в изучении социально-личностных мотивов занятий легкой атлетикой и мотивационных установок на соревновательную деятельность у спортсменов-легкоатлетов 16-18 лет. В экспериментальную выборку вошли 24 спортсмена, которые были разделены на две группы в зависимости от уровня их спортивного мастерства. Полученные данные выявили сходство и различия в доминировании социально-личностных мотивов спортсменов-легкоатлетов. Было выявлено, что, чем выше уровень мастерства, тем более выражен мотив достижения успеха для спортсменов-легкоатлетов. А это значит, что спортсмены более высоких разрядов активнее, настойчивее, упорнее в достижении поставленных целей и более устойчивые в стресс-соревновательных условиях. У спортсменов-перворазрядников доминирует смешанная мотивация, которая характеризуется действиями на обдумывание возможных неудач, побуждает их тщательно обрабатывать технику упражнений, обдумывать тактику соревновательных действий, собирать информацию о соперниках. Отмечено, что мотивация на профессиональную деятельность является одним из условий долголетия спортсменов в том случае, если они совмещают спортивную и учебную деятельность. Также доказано, что именно со спортсменами более низких разрядов в силу недостаточно выраженной у них установки на достижение успеха необходимо проведение целенаправленной психолого-педагогической работы со стороны тренера.

**Ключевые слова:** социально-личностные мотивы, спортсмены, легкая атлетика, достижение успеха.

**L. Rogaleva<sup>1\*</sup>, I. Dmitrieva<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Ural Federal University named after the First President of Russia B.N. Yeltsin (UrFU), Russia, Yekaterinburg

<sup>2</sup>Russian State University of Physical Education, Sport, Youth and Tourism (SCOLIPE), Russia, Moscow

\*e-mail: liudmila.rogaleva@yandex.ru

## **Social and personal motives of athletes aged 16-18**

The aim of the study was to investigate the social and personal motives of athletics and motivational attitudes towards competitive activity among athletes aged 16-18. The experimental sample included 24 athletes who were divided into two groups depending on their level of sportsmanship. The obtained data revealed the similarities and differences in the dominance of social and personal motives of athletes-athletes. It was found that the higher the level of skill, the more pronounced the motive for achieving success for athletes and athletes. This means that athletes of higher categories are more active, persistent, more persistent in achieving their goals and more stable in stress-competitive conditions. Among first-grade athletes, mixed motivation dominates, which is characterized by actions to think about possible failures, encourages them to carefully process the exercise technique, think over the tactics of competitive actions, and collect information about their opponents. It is noted that motivation for professional activity is one of the conditions for the longevity of athletes if they combine sports and educational activities. It has also been proved that it is with athletes of lower grades, due to their insufficiently expressed attitude towards achieving success, that it is necessary to carry out purposeful psychological and pedagogical work on the part of the coach.

**Key words:** social and personal motives, athletes, athletics, achieving success.

Л. Рогалева<sup>1\*</sup>, И. Дмитриева<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Б.Н. Ельцин атындағы Урал Федералды Университеті, Ресей, Екатеринбург қ.

<sup>2</sup> Ресей мемлекеттік дене шынықтыру, спорт, жастар ісі және туризм университеті, Ресей, Мәскеу қ.

\*e-mail: liudmila.rogaleva@yandex.ru

### **16-18 жас аралығындағы жеңіл атлетші спортшылардың әлеуметтік-тұлғалық мотивтері**

Зерттеу мақсаты 16-18 жастағы жеңіл атлетші спортшылардың жеңіл атлетикамен айналысудағы әлеуметтік-тұлғалық мотивтері және жарыс іс-әрекетіне мотивациялық бағдарын зерттеу. Эксперименталды топқа 24 спортшы қатысты және олар спорттық шеберлік деңгейіне қарай екі топқа бөлінді. Алынған деректер жеңіл атлетші спортшылардың әлеуметтік-тұлғалық мотивтер үстемділігіндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтады. Шеберлік деңгейі жоғары болған сайын, жеңіл атлетші спортшылардың жетістікке жету мотивы жоғарылай түседі. Бұл – анағұрлым жоғары разрядтағы спортшылар стрессті жарыс жағдайында алға қойылған мақсаттарға белсенді және тұрақты қол жеткізеді. Бірінші разрядты спортшыларда аралас мотивация басым, ол ықтимал сәтсіздіктерді ойлануға, жаттығулар техникасын мұқият өңдеуге, жарыс іс-әрекеттері тактикасын қарастыруға, қарсыластары туралы ақпарат жинауға ынталандырады. Сонымен қатар, кәсіби іс-әрекетке бағытталған мотивация спортшылардың ұзақ өмір сүру шарты болып табылады, әсіресе, егер олар спорттық және оқу әрекетімен қатар айналысса. Сондай-ақ, жетістікке жету бағдарлығы төмен болғандықтан, төмен разрядты спортшылар арасында тренер тарапынан мақсатты психологиялық-педагогикалық жұмыс жүргізілуі тиіс. Мақалада көрсетілген нәтижелер жеңіл атлетші спортшылардың ЖОО оқуға бағдарланғанын дәлелдейді. Сонымен қатар, жаттықтырушы-тренер мақсатты түрде 16-18 жас аралығындағы спортшылардың спорттық іс-әрекетке бағытталған өзекті мотивтерін нығайту үшін жағдай жасауы қажет. Бұл төмен разрядтағы спортшылардың жеңіл атлетикамен ұзақ уақыт айналысуына мүмкіндік жасайды.

**Түйін сөздер:** әлеуметтік-тұлғалық мотивтер, спортшылар, жеңіл атлетика, жетістікке жету.

### **Актуальность исследования**

Проблема мотивации спортивной деятельности находится в центре международных исследований в силу того, что именно мотивация спортсменов рассматривается в качестве главного фактора успешности в спорте (Пилюян, 1984, Галкина, 2014).

Анализ литературы показывает, что несмотря на разнообразие теоретических подходов можно выделить те ключевые позиции, которые разделяются большинством авторов при изучении мотивации спортивной деятельности.

Во-первых, согласно исследователям, мотивация обеспечивает поддержание высокой работоспособности спортсменов на протяжении тренировочного процесса (Сесе, Valerian et al., 2019; Кузьмин, 2012).

При этом доказано, что мотивация достижения значительно выше у спортсменов-профессионалов по сравнению со спортсменами-любителями (Groepel et al., 2015).

Во-вторых, от мотивации спортсменов зависит их продолжительность занятий спортом, при этом выявлено, что именно мотивация уже на ранних этапах спортивной карьеры играет решающую роль в постановке долгосрочных целей в спорте (Guedes Dartagnan et al., 2013).

В-третьих, в ходе занятий спортом мотивация спортсменов может меняться не только в сторону усиления, но и в сторону снижения, или, другими словами, может наблюдаться демотивация к занятиям спортом (Дергач, 2018; Мнацаканян, Сопов, 2017).

Наиболее критичным с точки зрения ученых является период с 16 до 18 лет, и если в одних видах спорта, таких как фигурное катание, художественная гимнастика, уход из спорта в этом возрасте закономерен, то для циклических видов спорта данный возраст рассматривается как начало основных стартов в спортивной карьере, которая может продолжаться до 35 лет и более.

Уход из спорта молодых спортсменов может быть вызван как изменением социально-личностных мотивов, так и неуверенностью спортсменов в своих возможностях (Федоренко, 2009).

Все вышесказанное определило выбор цели нашего исследования, которая заключалась в том, чтобы выявить ведущие социально-личностные мотивы занятий спортом и мотивационные установки на соревновательную деятельность у спортсменов-легкоатлетов в возрасте 16-18 лет.

В экспериментальную выборку вошли спортсмены, занимающиеся легкой атлетикой в про-

фессиональных клубах г. Екатеринбурга (Россия), участвующих в соревнованиях на местном, региональном и национальных уровнях. Всего в исследовании участвовало 24 спортсмена-легкоатлета, из них 13 девушек и 11 юношей, специализирующихся в беге на средние дистанции (800-1500 м). Спортсмены были разделены на 2 группы: в первую группу вошли спортсмены, имеющие более низкие разряды (первый взрослый разряд), а во вторую группу более успешные спортсмены (кандидаты в мастера спорта).

В ходе проведения исследования использовалась методика «Мотивы занятий спортом» А. В. Шаболтас, позволяющая выявить 10 доминирующих социально-личностных мотивов спортсменов (Ильин, 2006:471-477). В число изучаемых вошли следующие мотивы: эмоционального удовольствия (ЭУ), социального самоутверждения (СС), физического самоутверждения (ФС), социально-эмоциональный мотив

(СЭ), социально-моральный мотив (СМ), мотив достижения успеха в спорте (ДУ), спортивно-познавательный мотив (СП), рекреационный мотив (РЕ), подготовки к профессиональной деятельности (ПД), гражданско-патриотический мотив (ГП). Для оценки уровня устойчивости и избирательности мотивов использовалась методика А. Мехрабиана «Мотивация достижения успеха и избегания неудачи» (Ануфриев с соавт., 2009:55-64). Для анализа результатов исследования использовались методы математической статистики.

### Результаты исследования

Результаты по доминирующим мотивам занятий спортом представлены в таблице 1. В таблице даны средние значения по 10 оцененным мотивам, при этом чем средние значения, тем более характерен данный мотив для спортсменов.

**Таблица 1** – Ранги значимых мотивов занятий у легкоатлетов в зависимости от уровня спортивного мастерства

| Группы   | Ср. значения | Мотивация, балл |      |       |      |      |      |      |      |       |       |
|----------|--------------|-----------------|------|-------|------|------|------|------|------|-------|-------|
|          |              | ЭУ              | СС   | ФС    | СЭ   | СМ   | ДУ   | СП   | РЕ   | ПД    | ГП    |
| 1 разряд | Ср. значения | 14              | 5,37 | 18,25 | 9,75 | 7,75 | 21,5 | 11   | 2,65 | 17,87 | 18,5  |
|          | Ранг         | 5               | 9    | 3     | 7    | 8    | 1    | 6    | 10   | 4     | 2     |
| КМС      | Ср. значения | 4               | 12,5 | 12,5  | 16   | 9,5  | 18,5 | 8,75 | 1    | 13,5  | 14,25 |
|          | Ранг         | 9               | 6    | 5     | 2    | 7    | 1    | 8    | 10   | 4     | 3     |

Данные таблицы 1, где представлены средние значения и на основании их присвоены ранги каждому из мотивов, доказывают, что доминирующий мотив и у спортсменов-легкоатлетов 16-18 лет независимо от уровня спортивного мастерства – это мотив достижения успеха в спорте (ДУ). На наш взгляд это означает, что именно направленность на достижение поставленных целей является главным мотивом занятий легкой атлетикой, но при этом мы можем отметить, что у спортсменов первого разряда средние показатели несколько выше, чем у кандидатов в мастера спорта.

Если говорить о значимости второго мотива, то для спортсменов более высоких разрядов (КМС) это – социально-эмоциональный мотив (СЭ), а для спортсменов первого разряда – мотив долженствования или гражданско-патриотический мотив (ГП). Различие в структуре мотивации вышеуказанных мотивов, на наш взгляд,

является очень важным фактором, подтверждающим изменение мотивации с ростом спортивного мастерства. Представляется, что спортсмены первого разряда больше ориентированы на внешние требования, для них важно самоутверждение и положительная оценка со стороны тренера, команды, спортивного сообщества, в то время как, выходя на более высокий уровень, повышается значимость побуждения к спорту из-за высокой эмоциональности соревнований, особых межличностных отношений и эмоциональной раскованности. Данное изменение связано, на наш взгляд, с тем, что спортсмены, имея чрезмерно высокие нагрузки в спорте, в определенной степени начинают ориентироваться на более комфортные психологические условия, и если тренер не готов к такому изменению установок спортсмена, то зачастую это ведет к смене тренера, переходу в другой спортивный клуб и т.д. Относительно третьего места в иерархии мо-

тивов мы видим, что для перворазрядников это физическое самоутверждение (ФС), а для кандидатов в мастера – гражданско-патриотический мотив (ГП).

Еще один выявленный факт касается мотива, связанного с профессиональной деятельностью (ПД), который в обеих группах имеет четвертый ранг. Это говорит о высокой ориентации спортсменов на выбор профессиональной деятельности и вуза, где бы они могли совмещать спорт и учебу. Поэтому вузовское обучение имеет решающее значение в спортивном долголетии спортсменов-легкоатлетов. Об этом в частности свидетельствуют и достижения ведущих российских спортсменов-легкоатлетов, таких как Е. Завьялова, С. Шубенков, А. Сидорова, которые добились высоких достижений, обучаясь в Вузе.

Таким образом, для спортсменов-легкоатлетов 16-18 лет, имеющих разный уровень спортивного мастерства, сходными ведущими социально-личностными мотивами являются достижение успеха (ДУ), гражданско-патриотический (ГП) и профессиональной деятельности (ПД), а различными мотивами – мотивы социально-эмоциональный (СЭ) и физического самоутверждения (ФС).

Данные относительно мотивов, которые являются наименее актуальными, показали, что это рекреационный мотив (РЕ), имеющий самый низкий ранг в обеих группах, что объясняется тем, что спортсмены, профессионально занимающиеся легкой атлетикой, относятся к занятиям спортом не как любители, которые воспринимают спорт как активный отдых или переключение.

Интересно отметить тот факт, что спортсмены перворазрядники не ориентированы на мотив самоутверждения. Мы считаем, что это связано с особенностями вида спорта, так как в легкой атлетике нет открытого противоборства, а спортсмен выполняет беговую работу один, фактически соревнуясь сам с собой.

Подводя итог, можно отметить, что полученные нами результаты согласуются с точкой зрения Р.А. Пилюяна, который отмечает, что в 16-18 лет принципиальная ориентация мотивации имеет прямую связь со спортивным результатом (Пилюян, 1984).

Следующий анализ результатов был связан с выявлением взаимосвязи между доминирующими мотивами у спортсменов-легкоатлетов (таблица 2).

**Таблица 2** – Корреляционный анализ доминирующих мотивов занятий спортом (по Спирмену)

| Мотивы | Мотивы |       |       |       |       |       |       |       |       |       |
|--------|--------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|
|        | ЭУ     | СС    | ФС    | СЭ    | СМ    | ДУ    | СП    | РЕ    | ПД    | ГП    |
| ЭУ     | -      | -0,34 | 0,38  | -0,51 | 0,18  | 0,74* | 0,18  | -0,07 | 0,5   | 0,19  |
| СС     | -0,34  | -     | 0,03  | 0,59  | 0,19  | 0,42  | 0,27  | -0,13 | -0,22 | -0,21 |
| ФС     | 0,38   | 0,03  | -     | -0,5  | -0,32 | 0,73* | 0,18  | 0,01  | 0,3   | -0,15 |
| СЭ     | -0,51  | 0,59  | -0,5  | -     | -0,1  | -0,2  | 0,14  | -0,33 | 0,01  | -0,27 |
| СМ     | 0,18   | 0,19  | -0,32 | -0,3  | -     | 0,4   | 0,6*  | -0,02 | -0,48 | -0,11 |
| ДУ     | 0,74*  | 0,03  | 0,73* | -0,32 | 0,16  | -     | 0,33  | 0,08  | 0,47  | 0,65* |
| СП     | 0,18   | 0,27  | 0,18  | 0,14  | 0,6*  | 0,33  | -     | -0,19 | 0,01  | 0,06  |
| РЕ     | -0,07  | -0,13 | 0,01  | -0,33 | -0,02 | 0,08  | -0,19 | -     | 0,38  | 0,49  |
| ПД     | 0,5    | -0,22 | 0,3   | 0,01  | -0,48 | 0,47  | 0,01  | 0,38  | -     | 0,13  |
| ГП     | 0,19   | -0,21 | -0,15 | -0,27 | -0,11 | 0,65* | 0,06  | 0,49  | 0,13  | -     |

Согласно полученным результатам, наиболее тесная взаимосвязь выявлена между мотивами достижения успеха (ДУ), эмоционального удовольствия (ЭУ), физического самоутверждения (ФС), гражданского-патриотическим мотивом (ГП).

Таким образом, можно утверждать, что существует тесная взаимосвязь между стремлением спортсменов-легкоатлетов к достижению высоких спортивных достижений и ответственностью перед той социальной группой, за которую он выступает.

Следовательно, тренер должен в своей работе учитывать то, что социальное признание заслуг спортсменов, переживание ими гордости, связанной с тем, что они защищают честь своего клуба и приносят вклад в командные достижения, может способствовать усилению в развитии гражданско-патриотического мотива.

Также выявлены взаимосвязи между социально-моральным мотивом (СМ) и спортивно-познавательным мотивом (СП).

Этот факт может быть также учтен тренером при проведении психолого-педагогической работы со спортсменами, а именно ориентацией спортсменов не только на достижение спортивного мастерства, но и расширение их кругозора, поддержке познавательной активности, которая будет не снижать мотивацию спортсмена, как считают многие тренеры, а делать ее более разнообразной.

В силу того, что в ходе первого исследования мы выявили ведущие социально-личностные мотивы, то второе исследование стало дополнением к первому, но было направлено на выявление мотивов, определяющих преобладание у спортсменов положительной или отрицательной мотивации, связанной с участием в соревновательной деятельности. При этом мотив достижения успеха рассматривается нами как устойчивый мотив, связанный с готовностью преодолеть стресс-соревновательные ситуации в спортивной деятельности, в то время как мотив избегания неудачи рассматривался как негативный мотив, который в большей степени характеризует спортсмена как недостаточно уверенного в себе и своих возможностях, влияющий на повышение его чувства тревожности перед соревнованиями.

Результаты данного исследования по группам представлены в таблице 3.

**Таблица 3** – Мотивация успеха и боязнь неудачи у спортсменов разной квалификации

| Группа      | Средние значения | Преобладающая мотивация в % |           |                    |
|-------------|------------------|-----------------------------|-----------|--------------------|
|             |                  | Мотивация на неудачу        | Смешанная | Мотивация на успех |
| 1 разряд    | 156.5            | -                           | 62,5      | 37.5               |
| КМС         | 235.75           | -                           | -         | 100                |
| t- критерий | $p \leq 0.01$    | -                           | -         | -                  |

Анализ результатов показывает, что чем выше уровень мастерства, тем более выражен мотив достижения успеха для спортсменов легкоатлетов. А это значит, что спортсмены более высоких разрядов активнее, настойчивее, упорнее в достижении поставленных целей и более устойчивые в стресс-соревновательных условиях.

У спортсменов-перворазрядников доминирует смешанная мотивация, которая характеризуется действиями на обдумывание возможных неудач, побуждает их тщательно обрабатывать технику упражнений, обдумывать тактику соревновательных действий, собирать информацию о соперниках.

Таким образом, полученные результаты свидетельствуют о необходимости более целенаправленно осуществлять психолого-педагогическую работу со спортсменами более низких разрядов.

## Выводы

Социально-личностная мотивация спортсменов в период 16-18 лет имеет свои особенности и требует особого внимания со стороны тренера в силу ее снижения и возможности ухода из спорта талантливых молодых легкоатлетов.

Согласно полученным исследованиям актуальными мотивами спортсменов в данный возрастной период являются мотивы достижения успеха, подготовки к будущей профессиональной деятельности и гражданско-патриотические.

Наиболее тесные взаимосвязи выявлены между мотивами достижения успеха, физического совершенства, эмоционального удовольствия и гражданско-патриотическим мотивом.

Полученные результаты доказывают значимость ориентации спортсменов-легкоатлетов на обучение в Вузе, а также необходимость целе-



направленной работы тренера по формированию условий, способствующих усилению актуальных мотивов спортивной деятельности у спортсменов 16-18 лет, особенно более низких разрядов, которая будет способствовать продолжительности занятий легкой атлетикой.

Дальнейшие исследования по данной проблеме могут быть направлены на обоснование специальных психологических тренингов со спортсменами-легкоатлетами, имеющими смешанную мотивацию или мотивацию на избегание неудачи.

### Литература

- Ануфриев А.Ф., Барабанщикова Т.А., Рыжкова А.Н. Психологические методики изучения личности. – М.: Ось-89, 2009. – 304 с.
- Дергач Е.А. Уход из спорта: причины и особенности: монография. – М.: ИНФРА-М., Красноярск: Изд-во СФУ, 2018. – 173 с.
- Галкина Ю.А. Исследование мотивации достижения у спортсменов, занимающихся лёгкой атлетикой // Молодёжь Сибири – науке России Международная научно-практическая конференция, 2014. – С. 79-82.
- Ильин Е.П. Мотивация и мотивы. – СПб.: Питер, 2006. – 512 с.
- Кузьмин М.А. Мотивация спортивной деятельности в различных видах спорта // Ученые записки университета им. П.Ф. Лесгафта. – 2012. – № 2 (84). – С. 84-89.
- Мнацаканян Б.Х., Сопов В.Ф. Специфические факторы демотивации в группах возрастных периодов // Мат. XIII Межд. научно-практической конференции психологов физической культуры и спорта «Рудиковские чтения». – 2017. – С. 210-213.
- Пилюян Р.А. Мотивация спортивной деятельности / Р.А. Пилюян. – Москва: Физкультура и спорт. – 1984. – 103 с.
- Федоренко А.Б. Влияние мотивации спортивной деятельности на значимость возможных причин завершения спортивной карьеры // Физическая культура, спорт – наука и практика. – 2009. – № 2. – С. 46-51.
- Cece Valerian, Lienhart Noemie, Nicaise Virginie, Guillet-Descas E. (Guillet-Descas, Emma), Martinent G. (Martinent, Guillaume) (2019) Longitudinal Sport Motivation Among Young Athletes in Intensive Training Settings: Using Methodological Advances to Explore Temporal Structure of Youth Behavioral Regulation in Sport Questionnaire Scores // Journal of sport & exercise psychology. – Vol. 41. – No 1. – pp. 24-35.
- Groepel Peter, Schoene Lena, Wegner Mirko (2015) The Implicit and Explicit Motives of High-Performance and Recreational Athletes. – Vol. 20. – No 1. – pp. 6-19.
- Guedes Dartagnan P., Netto Jose Evaristo S. (2013) Sport participation motives of young brazilian athletes perceptual and motor skills. – Vol. 117. – No 3. – pp. 742-759.

### References

- Anufriyev A.F., Barabanshchikova T.A., Ryzhkova A.N. (2009) Psikhologicheskiye metodiki izucheniya lichnosti [Psychological methods of studying personality]. M.: Os-89, p. 304.
- Dergach Ye.A. (2018) Ukhod iz sporta: prichiny i osobennosti: monografiya [Leaving sport: reasons and features: monograph]. Sib. Feder. un-t., M.: INFRA-M; Krasnoyarsk: Publishing house of Siberian Federal University, p. 173.
- Galkina Yu. A. (2014) Issledovaniye motivatsii dostizheniya u sportsmenov, zanimayushchikhsya logkoy atletikoy [Investigation of achievement motivation among athletes involved in track and field athletics]. Youth of Siberia. Russian Science International Scientific and Practical Conference, pp. 79-82.
- Il'in Ye.P. (2006) Motivatsiya i motivy [Motivation and motives]. St. Petersburg: Peter, 512 p.
- Kuz'min M.A. (2012) Motivatsiya sportivnoy deyatel'nosti v razlichnykh vidakh sporta [Motivation of sports activity in various sports]. Uchenye zapiski universitet im. P.F. Lesgaft, No. 2 (84), pp. 84-89.
- Mnatsakanyan B.Kh., Sopov V.F. (2017) Spetsificheskiye faktory demotivatsii v gruppakh vrazrastnykh periodov [Specific factors of demotivation in groups of age periods]. Mat. XIII Int. scientific-practical conference of psychologists of physical culture and sports "Rudikov readings", pp. 210-213.
- Piloyan R.A. Motivatsiya sportivnoy deyatel'nosti [Motivation of sports activity]. R.A. Piloyan, Moscow: Physical culture and sports, 1984, 103 p.
- Fedorenko A.B. (2009) Vliyaniye motivatsii sportivnoy deyatel'nosti na znachimost' vozmozhnykh prichin zaversheniya sportivnoy kar'yery [The influence of motivation of sports activity on the significance of possible reasons for the end of a sports career]. Physical culture, sport - science and practice, No 2, pp. 46-51.
- Cece Valerian, Lienhart Noemie, Nicaise Virginie, Guillet-Descas E. (Guillet-Descas, Emma), Martinent G. (Martinent, Guillaume) (2019) Longitudinal Sport Motivation Among Young Athletes in Intensive Training Settings: Using Methodological Advances to Explore Temporal Structure of Youth Behavioral Regulation in Sport Questionnaire Scores // Journal of sport & exercise psychology, Vol. 41, No 1, pp. 24-35.
- Groepel Peter, Schoene Lena, Wegner Mirko (2015) The Implicit and Explicit Motives of High-Performance and Recreational Athletes, Vol. 20, No 1, pp. 6-19.
- Guedes Dartagnan P., Netto Jose Evaristo S. (2013) Sport participation motives of young brazilian athletes perceptual and motor skills, Vol. 117, No 3, pp. 742-759.

---

## МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

### 1-бөлім Психология

### Section 1 Psychology

### Раздел 1 Психология

*Баубекова Г.Д., Жантукеев С.К.*

Диагностика формирования инновационной культуры будущих специалистов.....4

### 2-бөлім Социология

### Section 2 Sociology

### Раздел 2 Социология

*Таукелова Т.Б., Амантаева Д.Б.*

Қазақстандық топ-менеджер әйелдердің әлеуметтік құндылықтары мен мәртебесі ..... 14

*Сарсенова А. Б.*

Халықаралық тәжірибедегі жастардың жұмысқа орналасуы ..... 25

*Adeleke O.W.*

Social and monetary reforms in the first decade of Kazakhstan statehood..... 35

*Мирзакулова Г.А., Енсеева В.Т.*

Қарт адамдардың әлеуметтік мәртебесі мен өмір сүру сапасы ..... 48

### 3-бөлім Шетелдік әріптестердің мақалалары

### Section 3 Articles of foreign colleagues

### Раздел 3 Статьи зарубежных коллег

*Рогалева Л.Н., Дмитриева И.*

Социально-личностные мотивы спортсменов-легкоатлетов 16-18 лет ..... 60